Әділет

# "Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрі м.а. 2015 жылғы 21 қарашадағы № 658 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 қаңтарда № 12934 болып тіркелді

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 наурызда жарияланған) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 карашадағы № 122 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінде:

«Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне» деген 1-бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі өндірістік-техникалық база | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажет ғимараттар, үй-жайлар және құрылыстар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;<br>осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес машиналардың, механизмдердің және жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;<br>«Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша объектіге халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген қорытындының көшірмесі | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |

»;

реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын: «

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | иондаушы сәуле шығару көздері мен радиоактивті қалдықтарды сақтауға және көмуге арналған меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі қойма | объектіні орналастыру жоспар-схемасының көшірмесі; «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |

»;

«Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке» деген 2-бөлімде: реттік нөмірлері 2, 3 және 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын: «

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі өндірістік-техникалық база | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажет ғимараттар, үй-жайлар және құрылыстар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес машиналардың, тетіктердің және жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша объектіге халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі | |
| 3 | радиациялық қауіпсіздік қызметтері | радиациялық қауіпсіздік қызметін құру туралы, қызмет басшысын тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері; осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; қызмет туралы ереженің көшірмесі; өндірістік радиациялық бақылаудың өлшем жүргізу әдістемесі мен кестесінің көшірмелері; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттарының көшірмелері | |
| | | ядролық материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін есепке алу және бақылау қызметін құру туралы, қызмет | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | ядролық материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін есепке алу және бақылау бойынша қызмет | басшысын тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері; осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; қызмет туралы ереженің көшірмесі; ядролық материалдарды есепке алу және бақылау нұсқаулығы мен әдістемесінің көшірмелері | |

»;

реттік нөмірлері 9 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын: «

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | тиісті білімі, дайындығы бар әрі мәлімделетін жұмысты жүзеге асыруға жіберілген техникалық басшылармен, мамандардың біліктілік құрамы | мәлімделген жұмыстарды жүзеге асыруға персоналға рұқсат ету туралы бұйрықтың көшірмесі; осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес мамандардың білікті құрамының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 10 | меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі радиоактивті қалдықтарды сақтауға арналған қойма | қойманың жоспар-схемасының көшірмесі, «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі | |

»;

«Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке» деген 3-бөлімде:

реттік нөмірлері 1, 2 және 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын: «

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлар | үй-жайлардың жоспар-схемасының немесе техникалық паспорттарының көшірмесі, осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес ғимараттар, үй-жайлар және құрылыстар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық зерттеу актісінің көшірмесі | бұл тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді; |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | мәлімденген жұмыстар бойынша тиісті білімі және арнайы дайындығы бар және мәлімделген жұмыстарды жүзеге асыруға жіберілген мамандардың білікті құрамы | мәлімделген жұмыстарды жүзеге асыруға персоналға рұқсат ету туралы бұйрықтың көшірмесі; білімі, арнайы дайындығы туралы құжаттардың көшірмелері және осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес мамандардың білікті құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді |
| 3 | радиациялық қауіпсіздік және радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды есепке алу және бақылау жөніндегі қызметтер немесе жауапты тұлға | радиациялық қауіпсіздік, радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды есепке алу және бақылау бойынша қызмет (немесе жауапты тұлға) құру туралы, қызмет басшысын тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері; осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; қызмет туралы ереженің (немесе жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығының) көшірмесі | |

»;

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:
«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | радиоактивті заттарды, аспаптарды және қондырғыларды сақтауға арналған меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі қойма | қойманың жоспар-схемасының көшірмесі; «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмелері | егер құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар аралық немесе уақытша жеке сақтауды қажет етпейтін болса және әрдайым пайдалану және қайта зарядтау барысында жұмыс орнында болса, онда бұл тармақты орындау талап етілмейді |

»;

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:
«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды пайдалану құқығына ақпараттық карталар | «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 261 бұйрығымен» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11205 болып тіркелген ) бекітілген нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу құқығына ақпараттық карталар көшірмесі | бұл тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді |

»;

«Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке» деген 4-бөлімде:
реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:
«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі арнайы үй-жайлар | арнайы үй-жайлардың жоспар-схемасының көшірмесі немесе техникалық паспорттарының үзінді көшірмесі; осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес ғимараттар, үй-жайлар және құрылыстар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша объектіге халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген қорытындының көшірмесі | егер өтініш беруші иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғылардың иесі болмаса (меншік немесе жалға алу құқығында) және жұмыстарды тапсырыс берушінің аумағында жүргізсе, онда бұл тармақты орындау талап етілмейді |

»;
реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:
«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | жұмыс орындарында өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету | меншікті радиациялық бақылау қызметі болған жағдайда кесте мен соңғы радиациялық бақылау жүргізу хаттамасының көшірмелері; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттарының көшірмелері; немесе осы біліктілік талаптарына 10-қосымшаға және құжаттар тізбесіне сәйкес қызмет көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |

»;
реттік нөмірлері 8, 9 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:
«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | мәлімделетін жұмыстар бойынша тиісті білімі, арнайы дайындығы бар және мәлімделетін жұмысты жүзеге асыруға жіберілген мамандардың білікті құрамы | білімі, арнайы дайындығы туралы құжаттардың көшірмелері және осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес мамандардың білікті құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 9 | иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды жөндеу | осы біліктілік талаптарына 10-қосымшаға және құжаттар тізбесіне сәйкес қызмет көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе техникалық қызмет көрсету, жөндеу бойынша меншікті қызметі болған жағдайда осы біліктілік | бұл тармақ иондаушы сәулеленуді генерациялайтын медициналық аспаптар мен қондырғыларды және қол жүгі мен багажды тексеруге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және техникалық қызмет көрсету туралы құжаттамалар | талаптарына 3-қосымшаға және құжаттар тізбесіне сәйкес мамандардың білікті құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | арналған жабдықтарды пайдаланатын жұмыстарға ғана қатысты |
| 10 | иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу құқығына ақпараттық карта | «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 261 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11205 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу құқығына ақпараттық карталар көшірмесі | |

»;

«Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке» деген 5-бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | мәлімделетін жұмыстар бойынша тиісті білімі, арнайы дайындығы және жұмыс тәжірибесі (немесе кемінде 1 ай тағылымдамасы) бар мәлімделетін жұмысты жүзеге асыруға жіберілген мамандардың біліктілік құрамы | мәлімделген жұмыстарды жүзеге асыруға персоналға рұқсат ету туралы бұйрықтың көшірмесі;<br>мәлімделген жұмыстар бойынша мамандардың білімі, арнайы дайындығы (дайындау бағдарламасымен қоса) және жұмыс өтілі туралы құжаттардың көшірмелері;<br>осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес мамандардың білікті құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |

»;

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | қызмет немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға | қызмет туралы (немесе жауапты тұлға) бұйрықтың көшірмесі;<br>осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақ персоналды жеке дозиметрлік бақылау жөніндегі қызметтің кіші түріне қатысты емес |

»;

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мәлімденген жұмыстарды орындауға арналған меншік құқығындағы немесе басқа | «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық | бұл тармақ өнімдердегі, материалдардағы, қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің мөлшерін анықтау; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар | саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі; мамандандырылған үй-жайлардың, зертханалардың жоспар-схемасының көшірмесі, осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес ғимараттар, үй-жайлар және құрылыстар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | персоналды дозиметрлік жеке бақылау бойынша қызметтердің кіші түрлеріне ғана қатысты |

»;

«Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке» деген 6-бөлімде:
реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі арнайы үй-жайлар мен жабдықтар | үй-жайлардың жоспар-схемасының немесе техникалық паспорттарының көшірмесі, осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес ғимараттар, үй-жайлар және құрылыстар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;<br>осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес машиналардың, тетіктердің және жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;<br>«Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша объектіге халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствасы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі | |

»;

реттік нөмірлері 8 және 9-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі радиоактивті қалдықтарға арналған қоймалар | қойманың жоспар-схемасының көшірмесі;<br>«Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі | бұл тармақ радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты |
| | | «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | радиоактивті қалдықтарға арналған санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды | құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі | бұл тармақ радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты |

»;

«Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау жөніндегі қызметке» деген 7-бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызмет немесе жауапты тұлға | қызмет (немесе жауапты тұлға) туралы бұйрықтың көшірмесі;<br>қызмет (немесе жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы) туралы ереженің көшірмесі;<br>осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |

»;

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоизотоптық көздерді, радиоактивті қалдықтарды, құрамында радиоактивті заттар бар құралдар мен қондырғыларды тасымалдауға арналған көлік құралдары | «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі | |

»;

реттік нөмірі 10-жол алынып тасталсын;

«Ядролық сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызметке» деген 8-бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | мәлімделген қызметті жүргізу болжанған аумақтың санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасы | құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствасы берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі | |

».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің*

*міндетін атқарушы Ұ.Қарабалин*

*«КЕЛІСІЛДІ»*

*Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің*

*міндетін атқарушы*
*________________ А. Рау*
*2015 жылғы 25 қараша*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасының*
*Ұлттық экономика министрі*
*________________ Е. Досаев*
*2015 жылғы 25 желтоқсан*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК